**«Бекітемін»**
**Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»**
**Бөбекжай бақшасының меңгерушісі ____________Уразова М.Н**
**«01» қыркүйек 2022 жыл**

**«Келісілді»**
**Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»**
**Бөбекжай бақшасының әдіскері ____________Шамғанова С.О**
**«01» қыркүйек 2022 жыл**

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Кіші «Ботақан» тобы

Тәрбиешілер: Сисенбаева.Р.Ж
Шаухарова.Ж.Т

« Бекітілді»

«Жауқазын » бөбекжай-бақшасы

Меңгерушісі.м.а.____________М.Н.Уразова

## «Ботақан» кіші топтың

## Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі.

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жүктемесі |
|---|---|
| Дене шынықтыру** | Дүйсенбі.Бейсенбі. Жұма.( Күн сайын.) |
| Сөйлеуді дамыту | Күн сайын. |
| Көркем әдебиет | Күн сайын. |
| Сенсорика | Күн сайын. |
| Құрастыру | Күн сайын. |
| Қоршаған ортамен танысу | Күн сайын. |
| Сурет салу | Күн сайын. |
| Мүсіндеу | Күн сайын. |
| Жапсыру | Күн сайын. |
| Құрастыру | Күн сайын. |
| Музыка**** | Сейсенбі. (Күн сайын) |

Білім беру ұйымы (балабақша) « Жауқазын»
Топ: кіші жас тобы: «Ботақан»
Балалардың жасы: 2-3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы ойындар. «Қолшатыр» ойыны.Ойынның барысын түсінуге, дұрыс қимылдауға, баланың икемділігін қалыстастыру,ойынға қызығушылығын арттыру.Ортопедиялық жолдарымен жүргізу.Нейрожаттығуларды жасатып үйрету; |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а,ә,е.о,ұ) және кейбіра дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш,с-з) дыбыстарды айта білу; ойын: «Көңіл-күй қалай?» |
| | Көркем әдебиет | Ертегі кейіпкерлерді айту, көрсету, қызығушылығын қалыстастыру. |
| | Сенсорика-Математика негіздері | Жас ерекшелігіне карай баланың ұсақ қол моторикасына арналған ойындарды ойнату. Түстерді,геометриялық пішіндерімен таныстыру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Балабақша және Отбасы тақырыбында әңгімелеу.Отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру; |
| | Құрастыру | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу | Қарындаштарды дұрыс ұстауды,олардың қолдану тәсілдерін үйрету.Дәстүрден тыс сурет салуды үйрету;бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыу. |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр,ермексаз кесектерінен бөліп алу,дөңгелектеу,ширату,созу тәсілдерін пайдалана отырып,көкөністер мен жемістерді,кейбір заттарды,азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру |
| | Жапсыру | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; |
| | Музыка | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай алу дағдысын қалыптастыру.Музыка ырғағымен іс-қимыл жасауға үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 – 2023 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**кіші топ**
**Қазан айы 2022жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу)<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.<br>бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;<br>Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-15 см биіктен секіру.<br>Кедергілі жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br>Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай)доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.<br>Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу;<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.<br>Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.<br>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл |

| | |
|---|---|
| | белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; |
| **Сөйлеуді дамыту** | Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру<br>Сөздік қор.<br>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциялы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді;<br>кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды;<br>таныс тақпақтарды қайталауды;<br>ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. |
| **Сенсорика** | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;<br>Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету;<br>қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.<br>Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту |
| **Сурет салу** | Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту;<br>Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды |

| | |
|---|---|
| | жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру;<br>Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу |
| **Мүсіндеу** | Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;<br>Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту |
| **Жапсыру** | Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.<br>Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Ән айту:**<br>1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету;<br>қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру;<br>музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру; |

Бекітемін
Құлсары қаласы ҚМҚК «Жауқазын»
бөбекжай бақшасының меңгерушісі_______Уразова М.Н
«_01_» _XI___2022 жыл

Келісемін
Құлсары қаласы ҚМҚК «Жауқазын»
бөбекжай бақшасының әдіскері:_______Шамғанова С.О
«_01_ қараша_2022 жыл

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Кіші «Ботақан» тобы

Тәрбиешілер:Шаухарова.Ж

Сисенбаева. Р

Құлсары қаласы 2022-2023 оқу жылы

**«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай – бақшасы»Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы**

# Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады.(ҚР БҒМ 2022 жылғы 3тамыздағы №348 бұйрығы).

Ұйымдастырылған іс-әрекет «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) арқылы жүзеге асырылады .Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп,оларды жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту;танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу –білім беру процесі:

-Перспективалық жоспарға,

-Циклограммаға,

-Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҚР БҒМ 2012 жылғы желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгертулер енгізілуіне байланысты,ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға қолданылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып,оқу жылының басында жасақталады: кіші топ-2-3жастағы балалар;

«Бекітілді»

«Жауқазын» бөбекжай-бақшасы

Меңгерушісі.м.а. __________ М.П.Уразова

**«Ботақан» кіші топтың**

**Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі.**

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жүктемесі |
|---|---|
| Дене шынықтыру | Дүйсенбі.Бейсенбі. Жұма.( Күн сайын.) |
| Сөйлеуді дамыту | Күн сайын. |
| Көркем әдебиет | Күн сайын. |
| Сенсорика | Күн сайын. |
| Құрастыру | Күн сайын. |
| Қоршаған ортамен танысу | Күн сайын. |
| Сурет салу | Күн сайын. |
| Мүсіндеу | Күн сайын. |
| Жапсыру | Күн сайын. |
| Құрастыру | Күн сайын. |
| Музыка | Сейсенбі. (Күн сайын) |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:**«Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы**2-3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы қараша айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қараша | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Қолды алға,жоғары,екі жаққа көтеру;қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.Қолдыартқа қою;оларды бүгіп,жазу,қолды шапалақтау,қолдарды алға-артқа сермеу,саусақтарды бүгу және ашу.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.<br>Қимылды ойындар.<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым кимылды ойындар ойнауға ынталандыру. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Сөздік қорды қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын:<br>ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс атауларын білуге үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Еңбекке баулу.<br>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.<br>Адамгершілікке баулу.<br>Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман). |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | Сурет салу | Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. |
| | Мүсіндеу | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуге қалыптастыру. |
| | Жапсыру | Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету. |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.<br>Ән айту:<br>Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауға үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| желтоқсан | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Қолды алға,жоғары,екі жаққа көтеру;қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.Қолдыартқа қою;оларды бүгіп,жазу,қолды шапалақтау,қолдарды алға-артқа сермеу,саусақтарды бүгу және ашу.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.<br>Қимылды ойындар.<br>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қорды қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын:<br>жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Еңбекке баулу.<br>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолда<br>Адамгершілікке баулу.<br>Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру. |
| | Сурет салу | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. |
| | Мүсіндеу | Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу. |
| | Жапсыру | Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету. |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.<br>Ән айту:<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі*** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қаңтар | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға нығайтуға арналған жаттығулар.Жанында тұрған (отырған) адамға қолдағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу.Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып,аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.Тізерлеп тұрып,өкшеге отыру және тұру.<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жатттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2.5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру және т. б.). |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қорды қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын:<br>көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат әлемі.<br>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.) таныстыру. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| | Жапсыру | Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-карсы түстер) үйрету. |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі*** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ақпан | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Орнында жүру.Бастапқы қалыпта тұрып,сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.Таяныштан ұстап отыру,аяқтың ұшымен тұрып,тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).<br>Негізгі қимылдар:<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан ( биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.<br>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).<br>Спорттық жаттығулар.<br>Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету;.<br>Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. |

| | |
|---|---|
| Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қорды қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын:<br>еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау. |
| Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| Танымдық дағдылар<br><br>Сенсорика | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |
| Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат әлемі.<br>Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.<br>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |
| Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.<br>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| Сурет салу | Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету;<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алуды) үйрету. |
| | Жапсыру | Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым би қимылдарын орындау:қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;<br>денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы наурыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| наурыз | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға нығайтуға арналған жаттығулар.Жанында тұрған (отырған) адамға қолдағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу.Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып,аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.Тізерлеп тұрып,өкшеге отыру және тұру.<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жатттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 х 50 см модульге өрмелеу.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары<br>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Сөздік қорды қалыптастыру.<br>Балалардың сөздік қорын:<br>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>«Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.<br>Оқып беруді ойыншықтарды,суреттерді,үстел үсті таетрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу,сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау.<br>Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту.<br>Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат әлемі.<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б.<br>Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. |
| | Шығармашылық | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдылар<br>Құрастыру | бекіту: үстіне, жанына қою.<br>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру;<br>Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету. |
| | Сурет салу | Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету.<br>Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету.<br>Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру.<br>Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету. |
| | Мүсіндеу | Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсінгдеуді үйрету.<br>Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру. |
| | Жапсыру | Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі*** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы сәуір айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| сәуір | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Негізгі қимылдар:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. |
| | Коммуникативтік | Сөздік қорды қалыптастыру |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету.<br>Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяккиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру. |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат әлемі.<br>«Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | Сурет салу | Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік кабылдауларын дамыту.<br>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды карама-карсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. |
| | Мүсіндеу | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас |

| | | |
|---|---|---|
| | | етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| | Жапсыру | Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру.<br>Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ:** «Ботақан» кіші тобы

**Балалардың жасы** 2-3 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі*** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы мамыр айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| мамыр | Физикалық дағдылар<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға нығайтуға арналған жаттығулар.Жанында тұрған (отырған) адамға қолдағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу.Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып,аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.Тізерлеп тұрып,өкшеге отыру және тұру.<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жатттығулар.<br>Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету;<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары<br>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| | Коммуникативтік дағдылар<br>Сөйлеуді дамыту | Байланыстырып сөйлеу.<br>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге |

| | | |
|---|---|---|
| | | әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>Өткенді қайталау. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.<br>Өткенді қайталау. |
| | Танымдық дағдылар<br>Сенсорика | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>Өткенді қайталау. |
| | Әлеуметтік дағдылар<br>Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат әлемі.<br>«Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру.<br>Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.<br>Өткенді қайталау. |
| | Шығармашылық дағдылар<br>Құрастыру | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.<br>Өткенді қайталау. |
| | Сурет салу | Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.<br>Өткенді қайталау. |
| | Мүсіндеу | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.<br>Өткенді қайталау. |
| | Жапсыру | Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру.<br>Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.<br>Өткенді қайталау. |
| | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.<br>Өткенді қайталау. |